

## **Израиль Мемлекетіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 20 қарашадағы N 1413

"Израиль Мемлекетінде Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2699 U952699 \_ Жарлығын орындау үшін (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 39, 498-күжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Израиль Мемлекетіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат саны 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап 16 адам санында бекітілсін.

2. Израиль Мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының Елшісіне лауазымдық шетел валютасындағы жалақысы 2700 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.

Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары штат кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Елшісінің шетел валютасындағы жалақысын негізге ала отырып белгіленсін.

3. Елшілік қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге арналған аударым олардың шетел валютасындағы жалақы қорының 3 проценті мөлшерінде белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігімен келісе отырып Елшіліктің штат кестесі мен шығыстарының сметасын бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Израиль Мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының Елшілігін қаржыландыруды 1997 жылға көзделген қаражат шегінде жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі